Құттықтаймыз!

Аягөз ауданы, Мамырсу ауылының тумасы, «Рысбек» шаруа қожалығының басшысы, кәсіпкер досымыз Қанат Рысбекұлы ОСПАНОВТЫ ердің жасы елуге келген мерейтойымен құттықтаймыз!

Елуді біз де еңсердік,
Ақ қырау түсіп самайға.
Бастадық жолды белсеніп,
Соқпағы соқпай оңайға.

Шыбықты ат қып жүгіріп,
Ойнадық сонау ауылда.
Аруға жүрдік үңіліп,
Қалсақ та жаурап жауында.

Есейтті сені ертерек,
Анаңмен өткен әр сағат.
Анаңды бақтың жетелеп,
Көрмедің оны ар санап.

Ерте өтті әкең өмірден,
Сендерге қамқор болатын.
Айнымай бірақ сенімнен,
Қатайды сенің қанатың.

Ауғанға кеткен ағаңды,
Табытпен қарсы алғансың.
Жаңғыртып қайта санаңды,
Болаттай пысып толғансың.

Қосағың еді Салтанат,
Қос ұлды саған сыйлаған.
Қайғысын қалдың арқалап,
Маңдайға мынау сыймаған.

Аяусыз тағдыр сынағын,
Көргенсің шыдап бұны да.
Шашумен болсын шуағын,
Алласы сүйген құлына.

Жүкті артып әлі келесің,
Қара нар белі шыдамас.
Елуге келген белесің,
Тұғырың болсын құламас!

Ізгі тілекпен: достарының атынан Тілеукен

Шығыс Қазақстан медициналық сақтандыруға жасаған аударымдары бойынша республикада төртінші орында

Елімізде 2017 жылы шілдеде басталған денсаулық сақтау ісін қаржыландыру жүйесін реформалау жалғасуда. Бүгінгі күнге дейін республикалық «қоржынға» 105 миллиард теңге түскен. 2018 жылдың қыркүйек айында қазақстандық жұмыс берушілер мен жеке кәсіпкерлер 8 миллиард теңге аударған.

Шығыс Қазақстан облысы сақтандыру қорына қаражат аудару жағынан көшбасшылар қатарында, төртінші орында тұрақтап келеді, – деп атап өтті «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ ШҚО бойынша филиалының директоры Болат Алиев. – Бізден Алматы, Астана және Қарағанды облыстары озық тұр. Әрине, бұл көрсеткіштер өңірдің экономикалық жағдайына – өндіріс пен бизнестің дамуына, жұмыспен қамтудың заңдастырылуына тікелей байланысты. Елімізде бүгінгі күні арнайы жүйеде тіркелмеген «өзін-өзі қамтушы» тұрғындар бар, ал олардан не зейнетақы, не өзге де аударымдар аударылмайды. Қазіргі уақытта басты міндет – «өзін-өзі қамтушылардың» сақтандыру жүйесінен тыс қалу қаупін болдырмау, ол үшін алдымен есепке алу саласын тәртіпке келтіріп, осы аталған адамдардың санаттарын анықтау, сақтандыру медицинасына азаматтардың барлық санаттарының тең дәрежеде (әділетті) қатысуын қамтамасыз ету. Сондықтан келесі жылдан бастап «өзін-өзі қамтушыларға» бірыңғай жиынтық төлем (БЖТ) бастамасын енгізу ұсынылуда: айына бір рет қала тұрғындары – 1 АЕК, ауыл тұрғындары 0,5 АЕК көлемінде ақшалай аударымдар жасайды.

Егер міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысты сұрақтарыңыз болса, Сіздер ШҚО бойынша call-орталыққа 8/7232/701-131, республикалық бірыңғай call-орталыққа – 1414 хабарласуларыңызға болады.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ
Шығыс Қазақстан облысы бойынша филиалы

ШЕКАРА МАҢЫНДАҒЫ АУДАНДАР ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

Ағымдағы жылдың 4 мамырында № 151-VI «Жер қатынастарын реттеу мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасының кейбір заңды актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) қол қойылды.

Аталған Заң Жер ресурстарын пайдаланудың тиімділігін арттыруға бағытталған бірқатар өзгерістерді қарастырады.

Осы өзгерістерге сәйкес:

– Қазақстан Республикасы Мемлекеттік шекарасының шекаралық белдеуінде орналасқан жер учаскелері жеке меншікке және уақытша жер пайдалануға берілмейді;

– Қазақстан Республикасы Мемлекеттік шекарасының шекаралық белдеуі шегінде орналасқан ауыл шаруашылығы алқаптарын халықтың қандай да бір ғимараттар (құрылыстар, құрылысжайлар) тұрғызу құқығынсыз, жеке ауладағы ауыл шаруашылығы жануарларын жаю және шөп шабу үшін пайдалануына жол беріледі;

– Қазақстан Республикасы Мемлекеттік шекарасының шекаралық аймағында орналасқан жер учаскелері шетелдіктерге, азаматтығы жоқ адамдарға, шетелдіктермен немесе азаматтығы жоқ адамдармен некеде тұрған (ерлі-зайыпты) Қазақстан Республикасының азаматтарына, сондай-ақ шетелдік заңды тұлғаларға және шетелдік қатысуы бар Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларына меншік құқығымен тиесілі болмайды.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік шекарасының шекаралық аймағы шегінде орналасқан ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін, шетелдіктермен немесе азаматтығы жоқ адамдармен некеде тұрған (ерлі-зайыпты) Қазақстан Республикасының азаматтарын қоспағанда, Қазақстан Республикасының азаматтарына және шетелдік қатысуы жоқ Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларына уақытша жер пайдалану құқығымен беруге рұқсат берілген.

Одан басқа, Қазақстан Республикасының азаматтары шетелдіктермен немесе азаматтығы жоқ адамдармен неке қиған (ерлі-зайыпты болған) кезде, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік шекарасының шекаралық аймағында және шекаралық белдеуінде орналасқан жер учаскелеріне меншік құқығы қайта ресімделуге немесе иеліктен шығарылуға, ал Қазақстан Республикасы Мемлекеттік шекарасының шекаралық аймағында орналасқан ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелеріне уақытша жер пайдалану құқығы иеліктен шығарылуға жатады.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ САРАПТАМА

«Аягөз ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары, құрылыс және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» ММ келесідей жобаны экологиялық сараптамаға береді: «2019-2037жж. Аягөз қаласын шаруашылық су-ауызсуымен жабдықтау үшін Аягөз су тоғаны учаскесінде жерасты суларының өндірістік әзірлемесі».

Барлық сұрақтар бойынша мына мекенжайға хабарласуға болады: ШҚО, Аягөз ауданы, Аягөз қаласы, Ақжар ауылдық округі, Ақжар ауылы, «Аягөз ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары, құрылыс және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» ММ , Б. Момышұлы к-сі, 62. Байланыс телефоны: 8 (72237) 3-04-60.

«Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, байланыс телефоны: 8 (7232) 25 72 06.

Құттықтаймыз!

Үржар ауданының тумасы, Үржар ауылдық округінің әкімі Сайлауғазы ШАРЫҚБАЕВ қазан айында асқаралы 60-қа толып отыр. Осы мерейтойымен шын жүректен, ыстық ықыласпен құттықтаймыз.+

Сізге зор денсаулық, еңбегіңізге табыс, отбасыңызға қуаныш, амандық және бақыт тілейміз.

Құтты болсын қуанышты күніңіз,
Бақытты боп шаттық өмір сүріңіз.
Алпыстың да асқарына жеттіңіз,
Енді жүзге құлаш сермеп шығыңыз.

Мереке күн нұрға толсын жүзіңіз,
Қуаныңыз, шаттаныңыз, күліңіз.
Бала-шаға қызығына кенеліп,
Ортамызда аман-есен жүріңіз!

Ізгі тілекпен: Үржар ауылдық округі әкімі аппаратының ұжымы

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің
2018 жылғы 5 қыркүйектегі №263 қаулысы
Өскемен қаласы

Іздеушіліктің салдарын жою бойынша жер қойнауын пайдаланушының міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету мөлшерін айқындау туралы

Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2018 жылғы 24 қыркүйекте № 5676 болып енгізілді.

«Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 27 желтоқсандағы Кодексінің 274-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27-бабы 2-тармағына сәйкес Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Іздеушіліктің салдарын жою бойынша жер қойнауын пайдаланушының міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету мөлшері бір гектарға 333814 (үш жүз отыз үш мың сегіз жүз он төрт) теңге көлемінде айқындалсын.

2. Облыс әкімінің аппараты, облыстың кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы әкімдік қаулысы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесінің Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің облыс аумағында таралатын мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберілуін;

4) осы қаулының ресми жарияланғаннан кейін Шығыс Қазақстан облысы әкімінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің бірінші орынбасары – индустриализация және инвестиция мәселері бойынша арнайы орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шығыс Қазақстан облысының әкімі **Д. Ахметов**

Репродуктивтік денсаулық туралы бір пікір

Гинеколог, андролог кеңестерінің және тегін медициналық скринингтердің қажеттіліктері неде?

Тұрмыс құру, бала туу, бала саны мен олардың жас айырмасына немесе бала туудан бас тартуға қатысты мәселені өзгелердің қысымынсыз қабылдау әр адамның өз еркінде. Алайда репродуктивтік денсаулық – өте нәзік әрі көптеген факторларға қатысты құбылыс. Ол адамның физиологиялық саулығы ғана емес, психологиялық және эмоционалдық жағдайын да білдіреді. Қазақстанда әртүрлі бағалаулар бойынша баласыз отбасылардың саны 15-тен 22 пайыз аралығын құрап отыр. Осыған ұқсас жайттардан қалай құтылуға болады және азаматтардың репродуктивтік денсаулығын сақтау үшін мемлекет қандай жолдарды ұсынады?

Өзіңізге қамқор болыңыз

Жалпы, еркектер мен әйелдердің репродуктивті денсаулығы: генетика, ағзадағы ақаулар, жыныстық қатынасты ерте бастау, жыныстық жолмен таралатын ауруларды жұқтыру, вирустық инфекциялар мен түсік жасату сынды факторларға тәуелді. Бала сүю қабілеті де болашақ ата-аналардың ұстанған өмір салтымен тығыз байланысты. Оларға зиянды әдеттерден бас тартып, жүйелі түрде диета ұстану және дер кезінде емделудің маңызы ерекше.

Осындай маңызды салада халықтың салауаттылығын қамтамасыз ету үшін үкімет барлық азаматтарға қолжетімді медициналық қызметтерді ұсынады және жастар мен жасөспірімдердің өз денсаулықтарына жайбарақат қарамауын қадағалайды.

– Бүгінгі таңда Шығыс Қазақстан тұрғындарының өздерінің репродуктивтік денсаулық жағдайын тексеруге, аурушаңдықтың алдын алу үшін жыл сайын тегін қаралуға мүмкіндіктері бар, – деді «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ ШҚО бойынша филиалының директоры Болат Алиев. – Мәселен, диспансерлік есепте тұрмайтын 30 бен 70 жас аралығындағы әйелдер 4 жылда бір рет жатыр мойны обырына тегін тексеріле алады. Бұрын сүт безі ісігімен ауырмаған 40-70 жас аралығындағы әйелдер ТМККК пакеті шеңберінде екі жылда бір рет тегін скринингтен өтуіне болады.

Әйелдер қауымы асығар емес

Алайда барлық әйелдер осындай игіліктерді пайдалана бермейді. ДДСҰ мәліметіне сүйенсек, жатыр мойнының қатерлі ісігі әйелдер арасында таралған онкологиялық аурулар ішінде 4 орында тұр. Мәселен, Қазақстанда 2018 жылы 1700 әйелге осындай диагноз қойылған. Онкология институтының дерегі бойынша елімізде жыл сайын 650 әйел қатерлі ісіктің осы түрінен көз жұмады. Онкология және радиология ҰҒЗИ директоры Диляра Қайдарова өмірінде 5-6 жыл бойы гинекология кабинетінің есігін ашпайтын әйелдерді кездестіргенін айтады. Өздері мұны үй тірлігінен қолдары тимейтінімен түсіндірген. «Өкінішке орай, Қазақстанда әйелдердің 23 пайызы ғана скринингтен өтеді. Ал дамыған елдерде онкологиялық сырқатқа шалдыққан әйелдердің 80 пайызының ауруы ерте анықталады және дер кезінде емделеді», – дейді Диляра Қайдарова.

Шындығында, әйелдердің көпшілігі жұмысбасты: жұмыс істейді, оқиды, бала тәрбиесімен айналысады, әлеуметтік желіде белсенді және т.б. Бірақ проблеманың әр әйел өз денсаулығын өзі күтпей шешілмейтінін де ұмытпаған жөн.

Жатыр мойнының қатерлі ісігінен болатын өлім-жітім деңгейін төмендету жолдары: аурушаңдықтың алдын алу, ерте диагностикалау, тиімді скринингтер мен емделу жолдары. Сондай-ақ жасөспірім қыздардың папиллома вирусынан екпе алуы және әйелдердің фертильді жасында гинекологтың жыл сайынғы тексеруінен өтіп тұру да аурушаңдықтың алдын алуға мүмкіндік береді.

Жұқпалы аурулармен ауырған, зиянды әдеттермен әуестенген (темекі тарту, ішімдік ішу) және қорғансыз жыныстық қатынасқа түсетін қауіп-қатер тобындағы ер-азаматтардың да андролог-дәрігерлерге (ерлер денсаулығы жөніндегі дәрігер) қаралып қоюы артық болмайды, өйткені әрбір үшінші белсіздік жағдайы отағасының да жауапкершілігінде.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ
Шығыс Қазақстан облысы бойынша филиалы

ТЫҢДАУ

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаменті 2018 жылғы 18 қазанда сағат 11.00-де ШҚО, Тарбағатай ауданы, Қарғыба ауылы орта мектебі (акт залында) мекенжайында Тарбағатай ауданы әкімдігінің ЖШҚ «Ақсуат» МКК Қарғыба ауылының тұтынушыларына көрсетіп отырған сумен жабдықтау қызметіне тариф пен тарифтік сметаны бекітуге арналған өтінімді қарауға қатысты жария тыңдау өткізетіндігін хабарлайды.